

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

27 маусым 2023 ж.

№6/1

Атырау қаласы

Атырау қаласы әкімдігінің көгалдандыру бағдарламасы бойынша атқарған жұмыс есебі

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кенестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес кеңес отырысында «Атырау қаласы әкімдігінің көгалдандыру бағдарламасы бойынша атқарған жұмысы» есебі тындалып, талқыланып ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Облыс әкімдігіне (Қ.Нұртаев, Ж.Бисембиеv)

1) «Көгалдандандыру бағдарламасы» бойынша қала тұрғындарына қажетті оттегін бөлу мақсатында, ірі табиғат пайдаланушы «НКОК», «Теңізшевройл» компанияларына қала сыртынан бөлінген жерді қайта қарап, Атырау қаласының ішкі аумағынан беру;

2) Атырау облыстық мәслихатының жанынан «көгалдандыру» жөніндегі комиссия құру;

3) Комиссия құрамына көгалдандыру үшін жер бөлуге, суару жүйесін салуға және көгалдандыруға жауапты: мемлекеттік органдар, ірі табиғат пайдаланушы мұнай компаниялары және қоғам өкілдері, аудандық әкімдіктер мен мәслихаттардың өкілдерін енгізуі;

2. Егілген жасыл талдарды, 3 жыл мерзім өткеннен кейін де күтіп-ұстаяу үшін, табиғат пайдаланушы компанияның теңгеріміне кемінде 5 жыл уақытша мерзімге беру мүмкіндігін қарастыру;

3. «Ретро-парк» саябағын «Теңізшевройл» компаниясының теңгеріміне күтіп ұстаяуға уақытша 5 жыл мерзімге беруді қарастыру;

4. «ТШО» компаниясының мұнай өндіру көлемі 2024 жылы 12 млн тоннаға ұлғайып, 40 миллион тонна құрауына байланысты, халықтың жұтып отырған ая бассейні ластануы себепті, СИП бағдарламасына бөлінетін жыл сайынғы 25 миллион доллар қаржыны жоғары көтеруді ұсынады.

5. Осы қарапда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2023 жылғы 1 қыркүйегіне дейін кеңес хатшылығына жолдау ұсынылсын.

Төраға



М.Ізбасов

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

27 маусым 2023 ж.

Атырау қаласы

№6/2

Атырау облыстық Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №8 «Атырау қаласын заманауи кәріз жүйесімен қамтамасыз ету және сарқынды суларды тазарту шаралары туралы» қарары туралы


Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қараңшадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облыстық Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №8 «Атырау қаласын заманауи кәріз жүйесімен қамтамасыз ету және сарқынды суларды тазарту шаралары туралы» қарардың орындалуы туралы облыстық Энергетика және тұрғын үй шаруашылығы басқармасының басшысы А.Кенжебековтың хабарламасын тыңдап, талқылап **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Облыстық Энергетика және тұрғын үй шаруашылығы басқармасының басшысына (А.Кенжебеков)

- 1) Облыс бойынша және Атырау қаласын кәріз жүйелерімен қамтамасыз ету бойынша 2022-2032 жылдарға динамикалық көрсеткіштерін анықтап, нақтылау;
- 2) Әлеуметтік маңызы бар ірі жобаларды жүзеге асыруда қоғамдық тыңдау өткізу, жүргізілуін бақылауға мониторингтік топ құрып, құрамына кеңес мүшелерін енгізу;
2. Қарарда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2023 жылдың 1-ші тамызына Қоғамдық кеңес хатшылығына жолдау ұсынылады.

3. 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №8 «Атырау қаласын заманауи кәріз жүйесімен қамтамасыз ету және сарқынды суларды тазарту шаралары туралы» Қарар бақылаудан алынсын.

Кеңес төрағасы



М.Избасов